

## «Lite жазы» Акциясын өткізу ережесі

### 1. Жалпы ережелер.

Осы «Lite жазы» Акциясын өткізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «ОнлайнКазФинанс микроқаржы ұйымы» АҚ-ның БСН 160840000397 (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ресми ұсынысы (бұдан әрі – Жария оферта) болып табылады және «Lite жазы» Акциясының (бұдан әрі - Акция) барлық елеулі шарттарын қамтиды.

**Акцияға** қатысу арқылы жеке тұлға осы Қағидалардың мәтінімен танысқанын растайды және оның шарттарымен өзінің сөзсіз келісімін білдіреді. Ұйымдастырушы мен Қатысушының (Қатысушылардың) қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-399-баптарының нормалары қолданылады.

**Акцияны** өткізу туралы ақпарат, оны өткізу тәртібі мен шарттары оны өткізу кезеңінде Ұйымдастырушының сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы Акцияға Қатысушыларға жеткізіледі.

Егер Сіз **Акцияның** қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, Ұйымдастырушы сізге оған қатысудан бас тартуды ұсынады.

### 2. Қолданылатын Терминдер.

2.1. «Lite жазы» Акциясы - шарттары бойынша Акция Жеңімпаздарына клиенттердің Ұйымдастырушыға деген адалдығын арттыру мақсатында ақшалай жүлделер берілетін Ұйымдастырушы өткізетін адалдық бағдарламасы.

2.2. Клиент - «Bank RBK» АҚ (Slite картасы) Эмитенттелген VisaVirtuonSLight төлем карточкасының ұстаушысы болып табылатын, сондай-ақ SolvaLite өніміне микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелері бар жеке тұлға.

2.3. **Акцияға** Қатысушы - шарттарға сәйкес келетін Клиент. Акцияға Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке тұлғалар қатыса алады.

2.4. Ақшалай жүлде (Жұлде) – Акция ережелеріне сәйкес шарттарды орындағаны үшін Жеңімпаздарды көтермелеу.

2.5. Сайт - Ұйымдастырушының <https://solva.kz/> мекенжайы бойынша орналасқан ресми сайт.

2.6. Жеке кабинет - Ұйымдастырушы мен өтініш беруші/қарыз алушы арасында микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру шеңберінде өзара іс-рекетті қамтамасыз ететін Ұйымдастырушының сайттарындағы көпфункционалды қорғалған сервис;

2.7. Микрокредит - Ұйымдастырушының қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында микрокредит беру туралы шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында беретін ақшасы;

2.8. Сатып алу - клиент бастамашылық еткен VisaVirtuon SLight картасын пайдаланып, тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу арқылы қолма-қол ақшасыз операция.

2.9. **Жеңімпаз** - Акция шарттарына сәйкес келетін, осы Қағидаларға сәйкес деп танылған Акцияға Қатысушы;

2.10. Транзакция – Visa VirtuonS Light карточкасын пайдалана отырып, сауда-сервистік кәсіпорындар мен интернет-дүкендердің POS-терминалдар желісінде E-com операциялары арқылы тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу жөніндегі Шығыс операциясы.

### 3. Акция шарттары.

3.1. **Акцияға** қатысу үшін Клиентке: Visa Virtuon SLight картасын пайдалана отырып, SolvaLite өнімі бойынша 2023 жылғы 12 маусымнан бастап 31 тамызға дейін кез келген қолжетімді сомаға Ұйымдастырушының Сайтында немесе мобильді қосымшасында микрокредит ресімдеу қажет.

3.2. Slite картасынан кемінде 10 000 (он мың) теңге сомаға Сауда жасау қажет.

### 4. Акцияның мәні:

- 4.1. Акцияға Қатысушылар арасында ақшалай жүлде ойнатылады. Әр айдың соңында random.org. сайтының көмегімен кездейсоқ сандар генераторы арқылы Ұйымдастырушы берген Қатысушының нөмірі бойынша Қатысушылар арасынан үш жеңімпаз анықталады.
- 4.2. Қорытынды шығару (тікелей эфирлер) Ұйымдастырушының @solva\_app Instagram әлеуметтік желісінің ресми парақшасында өтеді.
- 4.3. Акцияның Жүлде қорының жалпы сомасы 675 000 (алты жүз жетпіс бес мың) теңгені құрайды.
- 4.4. Маусым айының қорытындысы бойынша 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде ақшалай жүлдемен үш жеңімпаз анықталады.
- 4.5. Шілде айының қорытындысы бойынша 75 000 (жетпіс бес мың) теңге мөлшерінде ақшалай жүлдемен үш жеңімпаз анықталады.
- 4.6. Тамыз айының қорытындысы бойынша, 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде ақшалай жүлдемен үш жеңімпаз анықталады.
- 4.7. Ұйымдастырушылар Жеңімпазбен микрокредитті ресімдеу кезінде клиент көрсеткен телефон нөмірі бойынша байланысады.
- 4.8. Жеңімпаз туралы ақпарат Жеңімпаздың толықтай келісімімен Ұйымдастырушының ресми сайтында «Жаңалықтар» бөлімінде және Instagram-дағы ресми парақшасында жарияланады. Қатысушы Акцияның әр айында бір реттен артық Акция жеңімпазы бола алмайды.
- 4.9. Жеңімпаз Ұйымдастырушыға жеке куәліктің сканерленген көшірмесін, ағымдағы шоттың нөмірін, Ұйымдастырушы сұратқан өзге де құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
- 4.10. Ұтыс ойыны Жеңімпазға қатысты өткізілмеген деп танылады:
- 4.11. Егер клиент Акция шарттарын орындамаса;
- 4.12. Акцияның ай сайынғы қорытындылары шығарылған күннен бастап 3 күнтізбелік күн ішінде кері байланысқа шықпаса.
- 4.13. Ұйымдастырушы 3 жұмыс күнінен кешіктірмей @solva\_app Instagram-да тікелей эфирде қосымша ұтыс ойынын өткізу арқылы Жүлделер ұтыс ойынын қайталап өткізуге құқылы.
- 4.14. Өткізілетін Акцияға байланысты барлық қажетті салықтарды төлеуді Ұйымдастырушы қамтамасыз етеді.
- 4.15. Ұйымдастырушы Жүлдені ұсынған және Жүлде сомасы Жеңімпаздың ағымдағы шотына есептелген күннен бастап Жеңімпаз оны алған болып есептеледі. Жүлдені беруді Ұйымдастырушы Акцияның ай сайынғы қорытындылары шығарылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.
- 4.16. Жүлдені алу фактісімен Жеңімпаз Ұйымдастырушының Жеңімпаздың атын жарнамалық мақсатта пайдалану құқығымен, сондай-ақ Ұйымдастырушының жарнамалық роликтерге қатысу үшін Жеңімпазды тарту, өзінің жарнамалық мақсаттары үшін фото және бейне материалдарды пайдалану құқығымен келіседі.

## **5. Ұйымдастырушының құқықтары мен міндеттері:**

- 5.1. Ұйымдастырушы Акцияны өткізу мерзімдерін ұзартуға, Жүлдені беру рәсімін өзгертуге және сайтта Акция және оны өткізу тәртібі туралы қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.
- 5.2. Ұйымдастырушы Акция шарттарын өзгертуге немесе Акцияны мерзімінен бұрын тоқтата тұруға/аяқтауға құқылы.
- 5.3. Ұйымдастырушы Жүлдені осы Қағидалардың тәртібімен және шарттарында ұсынуды жүзеге асыруға міндетті.
- 5.4. Ұйымдастырушы Сайтта бұл туралы ақпаратты орналастыру арқылы Акцияның шарттарын өзгерту немесе оның қолданылуын тоқтату құқығын өзіне қалдырады.
- 5.5. Ұйымдастырушының қазіргі қызметкері, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері Клиент ретінде қатыса алмайды.

5.6. Акцияға Қатысушы Акцияға қатыса отырып, осы Акция Қағидаларында көзделген барлық талаптармен сөзсіз келіседі, оларды сақтауға және орындауға міндеттенеді. Акция ережелері бұзылған жағдайда Акцияға Қатысушы Жүлде алу құқығынан айырылады. Ұйымдастырушы қабылдайтын Жүлдені беруден бас тарту туралы шешім түпкілікті болып табылады.

5.7. Егер Ұйымдастырушыға Акцияға Қатысушының осы Акция ережелерін сақтамау фактілері, Акцияға әділетсіз немесе арам пиғылмен қатысу, өзі туралы шынайы емес немесе көрінеу жалған деректер беру фактілері белгілі болған жағдайда, мұндай Акцияға Қатысушы Жүлдені алу құқығынан айырылады.

5.8. Акцияның қолданылу мерзімі - 12.06.2023 ж. бастап 31.08.2023 ж. дейін. Ұйымдастырушы сайтта ақпаратты орналастыру арқылы Акцияның қолданылу мерзімін өзгертуге құқылы.

## **6. Тараптардың жауапкершілігі.**

6.1. Тараптар осы Қағидалардың шарттарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жауапты болады.

6.2. Қалған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жалпы негіздер бойынша жауапты болады.

6.3. Ұйымдастырушы:

6.4. **Акцияға** Қатысушының осы Қағидаларда көзделген өз міндеттерін орындамауы (уақтылы орындамауы);

6.5. **Акцияға** Қатысушының ережелерді білмеуінен туындаған жағдайлар үшін жауапты болып табылмайды.

## **7. Дербес деректер мен ақпарат, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтер.**

7.1. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚР Заңына сәйкес Қатысушы осы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, Ұйымдастырушының **Акцияға** Қатысушы туралы дербес деректерді тек **Акция** өткізу мақсаттары үшін, сондай-ақ онда көрсетілген жағдайларда заң бойынша тыйым салынбаған кез келген тәсілмен жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды жүзеге асыруына келіседі.

7.2. **Акцияға** Қатысушы Қағидалардың шарттарымен келісе отырып, соның ішінде осы Қағидалардың шарттарын орындау нәтижесінде Ұйымдастырушыға белгілі болған **Акцияға** Қатысушы туралы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты Ұйымдастырушы үшінші тұлғаларға осы Қағидаларды орындау мақсаттары үшін немесе осы Қағидаларда немесе Ұйымдастырушы үшін мұндай ақпаратты беру міндетті болған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгілеген көзделген жағдайларда ғана бере алатындығымен келіседі.

## **8. Өзге шарттар.**

8.1. Ұйымдастырушы Қағидалардың шарттары еңсерілмейтін күш мән-жайларының (форс-мажор) әсерінен туындаса, оның ішінде: мемлекеттік билік органдарының іс-әрекеттері (оның ішінде құқықтық актілерді қабылдау), өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқа да табиғи апаттар, пандемия, электр энергиясының болмауы және/немесе компьютерлік желі жұмысының бұзылуы, ереуілдер, азаматтық толқулар, тәртіпсіздіктер, жоғарыда аталғандармен шектелмей, Ұйымдастырушының осы Қағидалардың шарттарын орындауына әсер етуі мүмкін кез келген өзге мән-жайлар салдарынан туындаған бұзушылықтар үшін жауапкершіліктен босатылады.

8.2. Ұйымдастырушы Қағидалардың шарттарына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады, осыған байланысты **Акцияға** Қатысушы сайтта жарияланған осындай өзгерістерді үнемі қадағалап отыруға міндеттенеді.

8.3. Ұйымдастырушы желінің, компьютерлік техниканың, аппараттық және/немесе бағдарламалық жасақтаманың жұмысының салдарынан орын алған, жіберуді немесе **Акцияға** қатысу үшін деректерді алуды шектейтін немесе кешіктіретін кез келген қателіктер үшін жауапты болмайды. Ұйымдастырушы барлық деректердің тиісті түрде берілетініне кепілдік бермейді және мұндай деректерді ұсынбау салдарынан **Акцияға** қатысудың жіберіп алған мүмкіндігі үшін жауап бермейді.

8.4. Осы Қағидалар қазақ және орыс тілдерінде жасалды, мәтіндерде сәйкессіздіктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін басымдыққа ие болады.

#### **9. Ұйымдастырушының Деректемелері.**

«ОнлайнКазФинанс микроқаржы ұйымы» АҚ, БСН 160840000397

Мекенжайы: Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 502, «TURAR» БО, 9-шы қабат.